



«№57 С.Мұқанов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепалды даярлық сыныбының ата-аналарға арналған консультациялық пункті туралы мәлімет

Әрбір бүлдіршін-ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы, ұлттық болашағы, егеменді еліміздің ертеңі. Сондықтан «бала», «ұрпақ», «Өркен» деген ұғымдарды ұмытпай және негізгі мақсатымыз-жан-жақты бала тәрбиесі болуы керек. Бүгінгі қоғамда жан-жақты жетілген, бойында ұлттық құндылықтарды сіңірген, сана-сезімі қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру-отбасының, мектепалды даярлық сыныптарының, барша халықтың міндеті. Осы міндетті іске асыру үшін, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы №27 бұйрығымен бекітілген «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің қызметін ұйымдастырудың ережесіне» сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылмаған балаларға жан-жақты қолдау көрсету мақсатында, «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттер» құру қолға алына бастады.

«№57 С.Мұқанов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепалды даярлық сыныптарында отбасылық үй жағдайында тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі 5 жасар балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункті ашылды. Жағдайын анықтаған отбасыларына «Ата-аналарға арналған консультациялық пунктінің» қызметіне өтініш білдірді.

«Дені сау ұрпақ-еліміздің болашағы», «Тазалық-денсаулық кепілі»,

«Баланың рухани әлемі», «Ұялшақтық, ұяндық оны қалай жеңуге болады?», «Баланың үйдегі әрекетін ұйымдастыру», «Баланың мінез құлық мәдениетін тәрбиелеу» т.б тақырыптарында топтық және жеке кеңестер берілді. Ата-аналармен, баланың мектепке дайындығын анықтау мақсатында тесттер мен саунамалар жіргізіліп, балалардың оқу-білім деңгейін анықтап, мамандардың тиісінше кеңес-нұсқаулары беріліп отырды.



Мектеп директоры:

С.Ақылбекова

**«№57 С.Мұқанов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі бойынша
2025 – 2026 оқу жылына құрылған «Ата – аналарды педагогикалық қолдау
орталығының» іс – шаралар жоспары бойынша атқарылған жұмыстар туралы
АНЫҚТАМА**

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес МАД- 4 сынып бойынша "Ата-аналарды бала тәрбиесіне сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы" тақырыбында ата-ананы бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға шақыру, баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап көрсету, мектеп ата-ана ынтымақтастығын нығайту мақсатында МАД-4-сынып жетекшісі ата-аналар жиналысын өткізді.

Күн тәртібінде:

- 1.Оқушылардың сабақ үлгерімі, тазалығы.
- 2.Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру.
- 3.Баланың тұлғалық дамуы

Баланың дұрыс және сапалы ұйықтауы туралы ата-аналардың білімін жандандыру және кеңейту мақсатында миға шабуыл әдісі бойынша “Ұйқы шақыратын және бұзатын жағдайлар” тақырыбында өзара пікір алмасты.

Бастауыш сынып ата – аналар өтілген шара туралы пікірін ортаға салып, қазіргі уақытта балалардың, әсіресе бастауыш сынып балаларына сапалы ұйқының аса маңыздылығын атап айтып, өз пікірін білдірді.

Балалардың физикалық және психикалық дамуындағы дұрыс тамақтанудың маңыздылығын ашу; дұрыс тамақтанбауға байланысты әртүрлі аурулар және олардың салдары туралы түсініктерді кеңейту; дұрыс тамақтану негіздерін қалыптастыруға үйрету (әртүрлілік, модерация және тепе-теңдік); отбасында дұрыс тамақтану үшін қолдау ортасын құру бойынша практикалық кеңестер әзірлеу. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Бүгінгі мақсат - әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан - жақты дамуына ата - ана мен мектеп жағдай жасап, біріккен одақ құра білу керек.

Мектеп директоры:

С.Ақылбекова